СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?

Құрманғазы аудандық ауруханасы **«10» наурыз 2026 жыл**

Төрағалық етуші: Директор С.У.Зулкашева.
Хатшылықта: Заңгер Э.Г.Мұғалім.
Қатысқанда: Медицина қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері туралы баяндама.

Жиналыста сыбайлас жемқорлық мәселесіне қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Баяндамада халық арасында «жемқорлық» деп аталатын бұл құбылыстың қоғам дамуына кері әсер ететіні атап өтілді. Жемқорлық барлық реформалардың жүзеге асуына кедергі келтіріп, мемлекет пен қоғамның дамуына зиян келтіреді. Сондықтан оның себептері мен алдын алу шараларын білу маңызды екендігі айтылды.

Құқықтық құжаттарға сәйкес, сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік органдар қызметкерлерінің өздерінің қызметтік жағдайын материалдық немесе мүліктік мақсатта, заңсыз жеке пайда табу үшін пайдаланатын әлеуметтік құбылыс болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғаның өзінің әкімшілік өкілеттіктері мен құқықтарын заңға және қызметтік этикаға қайшы түрде жеке басының пайдасы үшін пайдалануы.

Баяндама барысында сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері де қарастырылды. Мамандар мен халықаралық ұйымдардың зерттеулеріне сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептері бірнеше факторға байланысты қалыптасады.

Біріншіден – экономикалық себептер. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық өмірді әкімшілік әдістермен басқару басым болған мемлекеттерде жиі кездеседі. Экономикалық қызметке қойылатын түрлі шектеулер мен лауазымды тұлғалардың рұқсат беру немесе тыйым салу жөніндегі кең өкілеттіктері сыбайлас жемқорлыққа

жағдай жасайды. Мұндай жағдайда кейбір кәсіпкерлер өздерінің табысын арттыру немесе бәсекелестік артықшылыққа ие болу мақсатында мемлекеттік қызметкерлерге пара беруге тырысуы мүмкін.

Екіншіден – заңдық себептер. Сыбайлас жемқорлықтың дамуы заңдардың сапасына және олардың тиімді орындалуына байланысты. Жетілмеген немесе толық емес заңдар кейбір лауазымды тұлғалардың оларды өз пайдасына пайдалануына мүмкіндік береді.

Үшіншіден – институционалдық себептер. Бұл мемлекеттік басқару жүйесіндегі кемшіліктермен, демократиялық институттардың әлсіздігімен байланысты. Мұндай жағдайда мемлекеттік органдардың қызметі жеткілікті деңгейде ашық болмай, азаматтық бақылау әлсірейді.

Төртіншіден – әлеуметтік себептер. Оларға қоғамдағы құқықтық мәдениеттің деңгейі, халықтың құқықтық сауаттылығы, рухани құндылықтар, қоғамдық белсенділік және ұйымшылдық жатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы алғанда, сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына қоғамдағы жүйелік мәселелер мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар әсер ететіні атап өтілді.

Директор: С.У.Зулкашева

Хатшы: Э.Г.Мұғалім